

## Жер қойнауы туралы геологиялық ақпарат алу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геологиялық және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 маусымдағы N 71-п бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 4 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3771. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2008 жылғы 14 шілдедегі N 187 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2008.07.14 N 187 бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 1-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

- 1 ) . . . ;
- 2 ) . . . ;
- 3 ) . . . ;

4) " Жер қойнауы туралы геологиялық ақпарат алу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геологиялық және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 маусымдағы N 71-п бұйрығы (Нормативтік құқық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3771 тіркелген " Қазақстанның минералдық ресурстары" журналының 2006 жылғы 12 қарашадағы N 3 ақпараттық - құқықтық бюлетенінде жарияланған ) .

2 . . . . .

3. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Министр

С. Мыңбаев

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28

қазандағы N 1107 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті туралы ережеге сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауы туралы геологиялық ақпарат алу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінде жеке және заңды тұлғаларға геологиялық ақпарат берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрінің 1995 жылғы 18 желтоқсандағы нөмірсіз бұйрығының күші жойылсын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының бірінші орынбасары М.А.Сайдуақасовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған сәтінен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Энергетика                      ж ә н е                      м и н е р а л д ы қ  
ресурстар                      м и н и с т р л і г і н і ң  
геология                      ж ә н е                      ж е р                      қ о й н а у ы н  
пайдалану                      к о м и т е т і                      т ө р а ғ а с ы н ы ң  
2 0 0 5                      ж ы л ғ ы                      2 9                      м а у с ы м д а ғ ы  
N 71-п бұйрығымен бекітілген

## **Жер қойнауы туралы геологиялық ақпарат алу жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Жер қойнауы туралы геологиялық ақпарат алу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қарашадағы N 1357 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік меншіктегі геологиялық ақпарат, және оны оқу, ғылыми, коммерциялық және басқа мақсаттарға пайдалану тәртібі туралы ережеге және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1107 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің геология және жер қойнауын пайдалану комитеті туралы ережеге сәйкес әзірленді.

## **2. Геологиялық зерттеулерді жүргізетін, Қазақстан Республикасының бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдарға жер қойнауы туралы геологиялық ақпарат беру**

2. Мемлекеттік меншіктегі жер қойнауы туралы геологиялық ақпаратты (бұдан әрі - жер қойнауы туралы ақпарат) жер қойнауын геологиялық зерттеуді жүргізетін, Қазақстан Республикасының бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдарға пайдалануға беру өтеусіз жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының бюджетінен қаржыландырылатын, геологиялық зерттеулерді жүргізетін ұйым (бұдан әрі - пайдаланушы), жер қойнауы туралы ақпарат алу үшін геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органға (бұдан әрі - мемлекеттік орган) өтінім жібереді. Өтінімде жер қойнауы туралы ақпарат алудың негіздемесі, зерттеу объектісінің аты, сұралатын геологиялық материалдардың тізбесі көрсетіледі. Өтінімге жұмыстардың бюджеттік қаржыландырылуын және жұмыстардың орындалу мерзімдерін куәландыратын құжаттар қоса беріледі. Өтінімнің негізінде мемлекеттік орган мен пайдаланушының арасында құпиялылық туралы келісім жасалады. Құпиялылық туралы келісім пайдаланушыға жер қойнауы туралы ақпаратты берудің тәртібі мен шарттарын белгілейді.

4. Құпиялылық туралы келісімнің негізінде пайдаланушы құпиялылық туралы келісімде көрсетілген, мемлекеттік органның геологиялық қорларындағы геологиялық материалдармен жұмыс істеуге жіберіледі.

5. Мемлекеттік органда пайдаланушы геологиялық қордан таңдаған материалдардың көшірмесі жасалады, ол белгіленген тәртіппен акті бойынша пайдаланушыға беріледі.

## **3. Мемлекеттік органның жер қойнауын пайдалану құқығын алу үшін инвестициялық бағдарламалар конкурсына қатысушы жеке және заңды тұлғаларға жер қойнауы туралы ақпаратты беруі**

6. Мемлекеттік меншіктегі екінші деңгейдегі жер қойнауы туралы геологиялық ақпаратты беру жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың шарттарына сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады.

7. Инвестициялық бағдарламалар конкурсына қатысушы жеке және заңды тұлғалар (конкурса қатысушы), конкурс объектісі бойынша конкурс шартында көзделген ақпараттық пакеттің (конкурстық пакет) құнын төлегеннен кейін, мемлекеттік органға өтінім береді. Мемлекеттік орган өтінімді қарап, конкурстық пакетті дайындауды жүзеге асырады.

8. Мемлекеттік орган төлем құжаты бар болса, конкурсқа қатысушыға акті бойынша конкурстық пакетті береді.

#### **4. Мемлекеттік органның жер қойнауын пайдалану құқығын алған инвестициялық бағдарламалар конкурсына қатысушы жеке және заңды тұлғаларға үшінші деңгейдегі жер қойнауы туралы ақпаратты беруі**

9. Үшінші деңгейдегі жер қойнауы туралы ақпарат (бұдан әрі - жер қойнауы туралы ақпараттың толық пакеті) қайтарымды (ақылы) негізде беріледі.

10. Жер қойнауын пайдалану құқығын алған жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі - жер қойнауын пайдаланушы), жер қойнауын пайдалану объектісі ведомстволық бағынысты аумағында тұрған аумақтық геология және жер қойнауын пайдалану басқармасына (бұдан әрі - аумақтық басқарма), жер қойнауын пайдалану объектісі бойынша тарихи шығындардың есептеулерін дайындауға өтінім береді.

11. Тарихи шығындардың есептеулерін аумақтық басқарма басшысы бекітеді және ол мына мекен-жайларға жіберіледі: жер қойнауын пайдаланушыға - жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шартқа енгізу үшін, мемлекеттік органға - жер қойнауы туралы іске асырылатын ақпараттың құнын бағалау кезінде пайдалану және оны іске асыратын келісімді дайындау үшін.

12. Жер қойнауын пайдаланушы тарихи шығындардың есептеулерін алғаннан кейін жер қойнауы туралы ақпараттың толық пакетін алу үшін мемлекеттік органға өтінім жолдайды. Өтінімге тарихи шығындардың есептеулеріне кірген геологиялық материалдар ғана енгізіледі.

13. Мемлекеттік орган өтінімді қарайды, және оны оң шешкен жағдайда, жер қойнауы туралы ақпаратты бағалайды, сонан соң жер қойнауын пайдаланушымен жер қойнауы туралы ақпараттың толық пакетін алу туралы келісім жасасады (бұдан әрі - келісім). Келісімге мемлекеттік орган мен жер қойнауын пайдаланушының бірінші басшысылары қол қояды.

14. Келісім мынадай негізгі ұстанымдарды қамтиды:  
тарихи шығындардың құны;  
жер қойнауы туралы ақпараттың толық пакетінің құны;  
жер қойнауы туралы ақпараттың толық пакетінің құнын төлеу мерзімдері;  
жер қойнауы туралы ақпараттың толық пакетін берудің шарттары;  
күпиялылық шарттары.

15. Жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының бюджетіне жер қойнауы туралы ақпараттың толық пакетінің құнын төлегені туралы құжатты тапсырғаннан кейін мемлекеттік орган жер

қойнауы туралы ақпараттың толық пакетін дайындауды және жер қойнауын пайдаланушыға акті бойынша беруді жүзеге асырады.

## **5. Мемлекеттік органның жер қойнауын пайдалану құқығы жоқ жеке және заңды тұлғаларға жер қойнауы туралы ақпаратты беруі**

16. Жер қойнауын пайдалану құқығы жоқ жеке және заңды тұлғаларға жер қойнауы туралы ақпарат қайтарымды (ақылы) негізде беріледі.

17. Жер қойнауын пайдалану құқығы жоқ жеке және заңды тұлға (бұдан әрі - тапсырыс беруші) жер қойнауы туралы ақпарат алу үшін мемлекеттік органға өтінім береді.

18. Егер мемлекеттік меншіктегі жер қойнауы туралы ақпарат жер қойнауын пайдаланудан бос жатқан аумақ бойынша сұралатын болса, онда мемлекеттік орган өтінімді қабылдай отырып, белгіленген тәртіппен сұратылған ақпаратты бағалайды және тапсырыс берушімен жер қойнауы туралы ақпарат алу туралы келісім жасасады.

19. Егер мемлекеттік меншіктегі жер қойнауы туралы ақпарат жер қойнауын пайдаланудағы объект бойынша сұралатын болса, онда өтінімге жер қойнауын пайдаланушының жазбаша келісімі қоса тіркеледі. Жер қойнауын пайдаланушының келісімінсіз тапсырыс берушіге жер қойнауы туралы ақпарат берілмейді.

20. Егер сұратылып отырған жер қойнауы туралы ақпарат жер қойнауын пайдаланушының қаражаты есебінен алынса, мемлекеттік орган жер қойнауы туралы ақпараттың көшірмелерін сатуды онымен келіседі. Жер қойнауын пайдаланушының келісімі болса, мемлекеттік органның, жер қойнауын пайдаланушы-ақпарат иесінің және тапсырыс берушінің арасында комиссиялық ш а р т ж а с а с ы л а д ы .

Комиссиялық шартта жер қойнауы туралы мәлімделіп отырған ақпараттың жалпы құны, оның ішінде тапсырыс берушінің мемлекет бюджетіне және жер қойнауын пайдаланушы-ақпарат иесінің шотына аударылатын сомалары көрсетіледі.

21. Тапсырыс беруші келісімге қол қойып, осы Нұсқаулықтың 18, 19, 20-тармақтарына сәйкес жер қойнауы туралы мәлімделген ақпараттың құнын төлегеннен кейін мемлекеттік орган оны дайындауды және акті бойынша тапсырыс берушіге беруді жүзеге асырады.

